

Кітапхана жұмысының есебі 2020-2021 оқу жылы

01.09.2020 жылы 1-қыркүйек «Білім күні» мерекесі қарсаңында жиын болды. Биылғы жылдың ерекшелігі А.Байтұрсыновтың өдістемесі негізінде әзірленген «Әліппе» пәнінің қайтарулы.

02.09- 14.09.2020 1-11 сынып оқушыларын жаңа оқу жылының басталуына байланысты оқулықпен қамтамасыз етілді.

20.09.2020 жылы

22-қыркүйек Тіл мерекесіне орай «Ең бірінші бақытым тілім менің» атты кітап көрме ұйымдастырылды. Оқырмандар М.Шаханов, М.Мақатаевтың тіл туралы өлеңін оқып, ана тілі туралы мағлұматтармен алды.

02.10.2020 жылы Қазан айының екінші жексенбісі «Ұстаздар күні» мерекесіне орай «Ұстаз – ұлы тұлға» тақырыбында библиографиялық шолу жасалды. Мерекелік іс шарада 5-9 сынып оқушыларының орындауында «Ұстазым», «Аяулы ұстазым» әндері орындалды.

09.10.2020 жылы Қазақ жазушысы, М.Хакімжанованың туғанына 100 жыл толуына орай оқырмандар арасында дауыстап оқу ұйымдастырылды.

25.11.2020. 1-желтоқсан «Тұңғыш Президент күні» мерекесіне орай «Елін сүйген Ел басы» тақырыбында қашықтықтан ақындардың патриоттық өлеңдерінен челленджи ұйымдастырылды.

14.12.2020 Қазақстанның Тәуелсіздігіне 29 жыл толуына орай «Тәуелсіздік тұғырым!» тақырыбында қашықтықтан іс-шара өтілді. Іс-шара барысында оқушылар патриоттық тақырыпта өлеңдер оқып әндер орындалды.

29.01-2020 «Рухани жаңғыру» аясында кітап пен оқырман байланысын жетілдіру арасында кітапханада буккросинг кітап алмасу акциясы ұйымдастырылды.

03.02.2020 Қазақтың ақын ақыны Мұқағали Сүлейменұлы Мақатаевтың туғанына 90 жыл толуына орай 5-11 сынып оқушылары арасында қашықтан әдеби кеш ұйымдастырылды. Әдеби кеш барысында оқушылар М.Мақатаевтың шығармаларынан өлеңдер оқыды.

12.02. Мектеп кітапханасында Лидер Reaber ON кешенді іс шара ұйымдастырылды. Бұл байқауға 123 оқушы қатысып, 13 үздік анықталды.

21.02. 2021ж «Бір ел бір кітап» республикалық акция бойынша Әбу Насыр Әл Фарабидің 1150 жылдық мерей тойына орай Ә.Әлімжановтың «Ұстаздың оралуы» романы және Ұлы Абайдың 175 жылдық мерей тойына байланысты М.Әуезовтың «Абай жолы» роман эпопеясы таңдалды. Осы кітаптарды насихаттау мақсатында іс шара ұйымдастырылды.

3.03.2021ж «Ұлы бабалар Ұлағаты» оқырмандар арасында танымдық сабақ өтті.

15.04.2021 Бүкіл дүние жүзлік кітап және авторлық құқықты қорғау күніне орай «Кітап рухани сарқылмас қазына» атты іс шара өткізілді. Оқырмандар кітап рухани қазына, ақылына ақыл қосатын, кемелдендіретін құрал. Кітап оқу – еш көнермейтін тәсіл екенін, «Кітап -білім бұлағы, білім -өмір шырағы» деп Абай атамыз айтқандай көп кітап оқыған рухани байлық та азықта ала алады екен түсінді, іс шара барысында кітап туралы өлеңдерімен, мақал мәтелдерімен бөлісті.

29.04.2021- Ынтымақ күні мерекесіне орай «1-мамыр ҚР ның бірлігі күні» тақырыбында қашықтан іс-шара өтілді.

05.05.2021 Ұлы Отан соғысының 75 жыл толуына орай «Соғыс туралы кітап оқимыз» атты іс шара өткізілді.

Ұлы жеңіс бәріміз үшін айырықша қымбат қасиетті мереке. Отан үшін отқа түсіп, қан майданданнан аман оралған қандастарымыздың алдында бас иееетін күн. Оқырмандарға

қашықтықтан ұлы жеңіске арналған кітап көрмесі жасақталды. Ақын жазушылардың өлеңдерін оқыды, шығармаларымен танысты.

13.05.2021 жылы 15-мамыр Халықаралық отбасы күні мерекесіне орай 4-сыныптар арасында «**Менің Отбасым**» тақырыбында эссе жазу байқауы өтілді. Оқушылар эссе барысында тәрбие отбасынан басталатыны жайында және болашақ ұрпақ бойына адамзаттық құндылықтарды, ұлттық рухани байлықтарды сіңіретін тәрбие ошағы- отбасы екенін жаза келе, ата-анам өмірдегі ең қымбат адамдарым деп, өз ойларын қорытындылады.

28.05.2021. 31-мамыр Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні Қазақстан тарихының ең қайғылы беттерінің бірі – жаппай саяси қуғын-сүргін және миллиондаған адамның қаза болуына әкеп соққан ашаршылық. Жазықсыз жазаланғандар ішінде М. Тынышбаев, Т. Рысқұлов,

Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы, М. Дулатов, М. Жұмабаев, С. Сейфуллин,

І. Жансүгіров, Б. Майлин, С. Асфандияров сияқты мемлекет және қоғам қайраткерлері болды және оқырмандар көптеген мәліметтер алды.





